

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№5 (118)

ДҮЙСЕНБІ

10 ақпан 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• СҮЙІНШІ!

КЕРЕМЕТ КЕШЕН ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

**Облыс орталығында,
халықтың көптен күткен
«Жігер» денсаулық-
сауықтыру кешенінің
тұсауы кесілді.**

Салтанатты іс-шараға Ұлытау облысының және «Қазақмыс» компаниясының басшылары қатысты.

Спорт нысаны көпфункционалды, үш қабатты. 7816 шаршы метрді құрайды. Бұл жерде балаларға, ересектерге, әуесқой және кәсіби спортшыларға барлық жағдай жасалып, оларға сапалы қызмет көрсетіледі.

«Жігер» ДСК – еліміздегі заманауи спорт кешендерінің бірі. Бой көтерген жаңа нысанда республикалық және халықаралық жарыс өткізетін алаңдарға сай. Бұл жобаны іске асыруға «Қазақмыс» - 8,5млрд теңге қаржы құйды.



• БӘРЕКЕЛДІ!

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ТЕНДЕССІЗ ЕРЛІГІ

Мыйдағы ісікке сәтті ота жасалды. Алманың көлеміндей ісік алынып тасталды. Мұны дәрігерлердің ерлігіне баса несі айып?



Жезқазған қаласындағы көпсалалы ауруханасында адам сенгісіз жағдай орын алды. Реанимация бөліміне «Жедел жәрдем» арқылы түскен науқасты қараған дәрігерлер оған мый ісігі диагнозын қойған. Биопсия арқылы анықтағанда ісіктің қатерсіз екені анықталған. Дәрігерлер науқасты күрделі отаға даярлау туралы тоқтамға келген. Сөйтіп, отбасылық дәрігердің қадағалауында болған ол бірнеше анализ тапсырды, МТР жасатты, ақырында, күрделі отаға жолдама берілді.

Қатерсіз ісіктің мый ішінде орналасуы және оның мөлшерінің үлкендігі нейрохирургтардан жоғары біліктілік пен дәлдікті талап етті. Ісік қол жетімділікті қиындататын және

қауіпті аймақта орналасқан еді. Дәрігерлердің бір сәтсіз қимылы науқасты мүгедектікке, тіпті өлімге апарар еді. Дегенмен, Жезқазған қаласының көпсалалы ауруханасының нейрохирургтары Оралбек Мұстафин мен болашағынан зор үміт күттіретін жас маман Әбу Дүйсеновтен құралған тәжірибелі команданың арқасында ота сәтті өтті. Қазір науқастың жағдайы жақсы.

40 жастағы Назымгүл есімді бұл науқас өзінің туған күніне қонақтаршақырып, соларға дастархан жайып жүрген еді. Кенет өзін басы айналып кеткендей, аздап әлсізденгендей сезінді. Сөйтіп, сәл демалып алмақшы болып қисайғаны сол еді, содан қанша оятса да тұрмай

қойыпты. Туған күнге жиналған қонақтар үрпсіп қалады. «Босқа қарап тұрмайық» деп, «Жедел жәрдем» шақырады. Соның соңы отаға барып тіреледі ғой. Қазір Назымгүл өзін аяқтан арышалап қалған дәрігерлер қауымына шексіз алғысын жаудыруда.

Аурудың диагностикасы және ота МӘМС аясында жүргізілді.

Бұл жағдай медициналық тексерулерден тұрақты түрде өтіп тұрудың маңыздылығын тағы бір еске салса керек. Дертті ерте анықтау, емдеудің сәтті болу мүмкіндігін едәуір арттыратынын ұмытпаған жөн.

Мұндай оталарды ақылы түрде жасату 1,3 млн теңгені қажет етеді. Ал сақтандырылған азаматтар үшін ота қосымша шығынсыз тегін негізде қолжетімді түрде жасалады.

МӘМС жүйесімен бірге мүмкіндіктеріңізді кеңейтіңіздер!

Диана ОРАЗАЛИНА.
Жезқазған.

► 6 АҚПАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

САЙЛАУҒА МӘН БЕРЕ БІЛУ КЕРЕК

**СӘТБАЕВ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
ЕРНАР ЖАҚИЯҰЛЫ СМАҒҰЛОВПЕН СҰХБАТ**

-Алғашқы сұрақ. Кейінгі кездері «Сайлау күні» туралы жиі айтыла бастады. Бұл қашан белгіленген еді?

-Дүниежүзілік сайлау күні жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өтіледі. Биыл бұл күн 6 ақпанға сәйкес келді.

Аталмыш мереке 2005 жылы Қазақстан толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлау органдарының қауымдастығының Дүниежүзілік конференциясы кезінде белгіленді.

Дүниежүзілік сайлау күні азаматтардың дауыс беру құқықтарының қажеттілігі туралы хабардар болуын арттыруға және сайлау процестерін жақсартуға бағытталған және жаһандық демократияны қолдауға, сайлау туралы білімді арттыруға және сайлаушылардың сайлауға қатысуын ынталандыруға бағытталған. Өйткені, әрбір азамат сайлауға мән бере білуі керек.

Дүниежүзілік сайлау күніне арналған іс-шараларды дайындау және өткізу барысында сайлау үдерістерін ұйымдастырушылар, саяси партиялар мен жалпы қоғам болашақ сайлаушылардың құқықтық мәдениетін көтеру, жастардың бойында білім, біліктілік дағдыларын дамыту, сайлау құқықтарын саналы түрде жүзеге асыру сияқты кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Бұлардың арасында, әрине, сайлау құқығының аспектілері, сайлау қатынастары мен процестерінің әртүрлі аспектілерін реттейтін нор-



мативтік құқықтық актілер, заңнамалық жаңалықтар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық реформасы контекстінде сайлау институтына қатысты өзгерістерді талқылау, сайлауды ұйымдастырушылар мен қатысушылардың жауапкершілігі және мүгедектердің дауыс беруі, мүгедектердің сайлау құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау және сайлау үдерістерін дамытуға қатысты басқа да мәселелер бар.

-Өзіңіз төрасы болып табылатын аумақтық комиссия, оның жұмысы туралы айтсаңыз.

-Сәтбаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясы өз қызметін «Қазақстан Рес-

публикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес өкілетті шегінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп сайлау заңнамасының сақталуына байланысты жұмыстар жүргізілуде, сайлаушылар тізімі мен сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ақпараттың өзектілігі мен дұрыстығы қадағаланады, қажет болған жағдайда сайлау округтеріне өзгерістер енгізіледі.

Қалалық аумақтық комиссия тұрақты түрде сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды жүргізеді: қазіргі таңда 257 сайлау комиссиясы мүшелерінің қашықтықтан оқыту мен тестілеуден өткендігі туралы сертификат-

тары бар.

-Сайлау күніне байланысты қандай іс-шаралар болып өтті?

-Дүниежүзілік сайлау күнін атап өту аясында қаламызда Сәтбаев қаласының жалпы білім беретін мектептері мен колледждерінде «Біз болашақ сайлаушылармыз» атты танымдық сабақтар, ақпараттық сағаттар сияқты бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Қала жастары арасында әйелдердің саяси көшбасшылық мектебінің «дөңгелек үстелі» және «Қазақстан Республикасының сайлау құқығын меңгеру» блиц-турнирі өтті.

Қаланың орталық кітапханасында «Қазақстан: сайлау жүйесі және құқықтық аспектілері» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сәтбаев қалалық сайлау комиссиясында «Ашық есік» күні өтті.

-Жұмыстарыңызда кейінгі кезде қандай жаңалықтар пайда болды?

-Биылғы 1 қаңтардан бастап Ұлытау облысының аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 31 қазандағы №24 «Ұлытау облысы бойынша сайлау учаскелерінің бірыңғай нөмірленуін белгілеу туралы» қаулысы күшіне енді.

Осыған байланысты Сәтбаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясы қалалық сайлау округтеріне тиісті өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Ақпарат сайлаушыларға Сәтбаев қаласы әкімдігінің сайтының «Сайлау» бөлімі арқылы жеткізілетін болады.

- Рахмет.

А.АЯН.

ОПЕРАТИВНЫЙ КОНТРОЛЬ В РЕЖИМЕ ОНЛАЙН

Под руководством заместителя акима города Ахмета Сыздыманова в ходе заседания еженедельного штаба по отопительному сезону в центре внимания находились два важных вопроса: борьба с распространением наркотических веществ и ситуация с прохождением отопительного сезона.

По первому вопросу выступил первый заместитель начальника полиции города Арман Садыков, который обратил внимание на новую угрозу – бесконтактный сбыт наркотиков. Сегодня их можно приобрести в один клик – через социальные сети и мессенджеры, а реклама в виде граффити на гаражах, в подъездах, на стенах многоэтажек встречается и в нашем городе.

Садыков также предложил сотрудникам КСК, УК оказать помощь в выявлении таких граффити и других рисунков, содержащих рекламу наркотиков.

Затем участники совещания решили ко второму вопросу.

Ахмет Сыздыманов указал, что на сегодняшний день установлено 200 приборов теплового учета, из которых 138 уже начали давать показания. Теперь жители будут оплачивать только фактически потребленное тепло. Также прибор учета тепла позволяет контролировать показатели качества теплоносителя (температуру и давление).

Кроме того, в случае возникновения проблем в теплосети, акимат и СПТВС смогут оперативно контролировать ситуацию в онлайн-режиме.

Также заместитель акима отметил необходимость работы в усиленном режиме и оперативного реагирования на обращения жителей.

(соб.инф)

«МЕНИҢ DAУЫCЫM – МЕНИҢ БОЛАШАҒЫM»



Жезқазған қаласындағы Тау - кен колледжінде осындай тақырыппен Дүниежүзілік сайлау күніне арналған студенттер арасындағы байқау болып өтті.

Студенттердің сайлау туралы білімдерін тексеру және кеңейту, сайлау жүйесінің демократиядағы рөлін түсіндіру, викториналық ойын арқылы жастарды азаматтық жауапкершілікке баулу мақсатын көздеген байқау шынында да қызықты әрі тартымды өтті.

Бес кезеңнен тұрған байқауға қаатысушылар 3 топқа бөлініп, өзара білімі мен білігін сайысқа салды.

– Бұл байқуды өткізудегі мақсат – жастардың еліміздегі және шет елдердегі сайлау жүйесіне деген көзқарастарын байқау болды. Олар сайлау жүйесін қаншалықты біледі?

Өздерінің құқықтарын қалай пайдаланып жүр? Міне, осындай және басқа да сұрақтарға жауап табу арқылы олардың сайлау туралы түсініктерін молайтуды көздедік – дейді Ұлытау облысы аумақтық сайлау комиссияның мүшесі Анастасия Устюгова.

Ешкім де қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Сайлау – қоғамдағы қозғаушы күштердің бірі. Ал, жастар – елдің ертеңі. Ендеше, жастардың сайлау жүйесі жөнінде жан-жақты білім –білігі болғаны керек –ақ.

І. ТҮСІП.

РАЙЫМБЕК АЯШҰЛЫ АЯШОВ

Аймағымыздың дамуы жолында күш-жігерін аямаған айтулы тұлға, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы **Райымбек Аяшұлы Аяшовтың** қазасы туралы қаралы хабарды қайғыра қабылдадық.

Райымбек Аяшұлының саналы ғұмыры Ұлытау-Жезқазған аймағында өтіп, бар білімі мен тәжірибесін өңірдің дамуына жұмсады.

Р.Аяшов 1953 жылы 12 қаңтарда Жезді ауданы Қарсақбай кентінде туған. Ол Қарағанды политехникалық институтын, Қазақ Мемлекеттік басқару академиясын, Қазақстан-Ресей университетін тәмамдады.

Райымбек Аяшұлы 1978-1994 жылдары халық шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етті: совхоздың бас инженері, аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігі инженері, Жезді автокөлік кәсіпорнының директоры, Жезді аудандық халық депутаттары Кеңесінің төрағасы, Жезді аудандық әкімшілік басшысының бірінші орынбасары болды. 1995-2003 жылдары «Қазақмыс» корпорациясы Механизмдер және көлік кәсіпорны (УМИТ) директоры, қаржы-есеп басқармасының бастығы, Сәтбаев қаласы жылу-сумен жабдықтау кәсіпорны директоры, Сәтбаев «Жолжылусуқұрылыс» (Дортепло-



водстрой) тресінің бас директоры, Солтүстік Жезқазған кеніші директоры қызметтерін атқарды.

2003 жылы «Қаратас АБАД» ЖШС-нің директоры болды. Қарағанды облыстық мәслихатының екі шақырылымы депутаты, III шақырылымдағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Аймағымыздың қордаланған мәселелерін билік мінберінен көтеріп, олардың оң шешім табуына ықпал етті.

Қандай қызметте жүрсе де Райымбек Аяшұлы өзін білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде көрсете білді. Ол кісінің қамқор көңілі мен жанашыр пейілін, әрбір жұмыскерге тигізген шарапатын бірге еңбек еткен жерлестеріміз асқан сүйіспеншілікпен айтып жүреді.

Асыл азаматтың жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталады. Марқұмның иманы жолдас, топырағы торқа болсын!

М.Бөрібаев, Қ.Балмағанбетов, А.Сыздыманов, Д.Мұхан, А.Бегежанова, С.Имамбай, С.Омаров, Ж. Мұңсызбаев, А.Тұрлұбек, М.Тілеуов, М.Қожахметов, Ә.Ахметов, Ә.Молақов, Е.Тоқымбаев, А. Дастанов, Г.Есмұрзаева, М.Мәдиева, Ш. Жанасылова, Н.Геймбұх, А.Төлендина, Ж.Байниязов, Н.Мейрамов, А.Айранбаев.

ӨШПЕЙТІН ІЗІ ҚАЛДЫ

Көрнекті қоғам қайраткері, белгілі тұлға Райымбек Аяшұлы Аяшовтың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып көңіл айтамын.

Райымбек Аяшұлы ел үшін аянбай еңбек етіп, абыройлы қызмет етті. Ұзақ жыл өндірісте, кәсіпкерлік саласында жұмыс істеп, өңірдің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Парламент Мәжілісінің депутаты болып, тың бастамалар мен іргелі істерге ұйытқы болды.

Өнегелі өмір жолымен артында өшпес із қалдырды.

Асыл тұлғаның ақжарқын бейнесі, адамгершілік ізгі қасиеті, ұлағатты істері барша жақындарының жүрегінде мәңгі ақталары сөзсіз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Ерлан ҚОШАНОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы.

АБЗАЛ АЗАМАТ ЕДІ

Райымбек ағамызбен Парламент Мәжілісінде бірге қызметтес болған едік. Ағамыз бір мандатты округтен сайланған депутат еді, ол елге адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті.

Мен білетін Рахаң өте қарапайым, адамгершілікті бәрінен де жоғары қоятын абзал азамат болатын. Оны білетіндердің бәрі де нақ осындай пікірде екенінне күмәнім жоқ.

Райымбек ағамыздың жаны жәннатта болсын. Жақындарына, туған -туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Нұртай САБИЛЬЯНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

ЖАҚСЫ ЖОЛДАС, АДАЛ ДОС

Өте өкінішті қайғылы жағдай. Жас кезінен бастап қызметке араласты. Жезді ауданында бірге қызметтес болдық, отбасымен бірге араластық. Кішіпейіл, жақсы жолдас, адал дос, білімді, іскерлі азамат еді.

Зоя досымызға, туыс-туғандарына, балаларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын. Жаны Жәннатта болсын!

Майра СЕРКЕБАЕВА,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ...

Райымбек Аяшұлы Аяшовтың қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Райымбек ағамыз өнеркәсіп саласында және мемлекеттік қызмет саласында лауазымды қызметтер атқарды. Соның біріне тоқталатын болсақ, 2004-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болған кезінде Қарағанды облысы бойынша экономикалық және экологиялық жағдайларға қатысты көптеген мәселелерді көтерді. Облыстың дамуына үлкен үлес қосқан ағамыздың өнегелі өмірі мен жарқын бейнесі әрдайым біздің жадымызда сақталады.

Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын!

Советбек МЕДЕБАЕВ,
Серік ШАЙДАРОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының депутаттары.
Астана қаласы, 2025 жылғы 06 ақпан.

ҚОШ, БАУЫРЫМ!

Аяшұлы Райымбек бауырымыздың дүниеден озуына байланысты отбасына, жұбайы Зояға, бауырларына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз. Алла иманынан жарылқап, қазаның қайыр жақсылығын бергей. Марқұм Жезді ауданында АТП директоры, аудандық мәслихат хатшысы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерінде абыройлы еңбек етті. Жезқазған, Сәтбаев қалаларында басшылық қызметтерде болғанда ел азаматтарының жұмысқа тұруларына сол бір қиын жылдары көп көмегі тиді. Аудан әкімшілігінде әріптес болдық. Бүкпесі жоқ, ашық мінезді жақсы азамат еді.

Рабым алдыңнан жарылқағай. Қош бол, бауырым!

Бәкір Қабылдаұлы ҚАЗЫҒҰЛОВ,
еңбек ардагері.

Сәтбаев қаласының әкімдігі мен мәслихаты
Райымбек Аяшұлы АЯШОВТЫҢ
дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ҒҰМЫРЫН ЕЛІНЕ АРНАДЫ

Аяшов Райымбек ағамыздың дүниеден озғанын зор күйзеліспен түйсініп отырмыз. Райымбек аға ғұмырын ел мен жердің игілігіне арнаған ардақты тұлға, қоғам қайраткері және Сәтбаев қаласын көркейтуде белсенді қызмет атқарған жан.

Сәтбаев қаласы жылумен-сумен қамту кәсіпорнына ауыр жылдарда басшылық жасағанына қарамастан қиындыққа қайсарлығын қарсы қоя білді. Қарағанды облыстық мәслихаты мен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болған кезінде өңірдің мәселелеріне қатысты, сайлаушылардың мұң-мұқтажына әркез сергектікпен атсалысатын еді.

Марқұмның отбасы мен жақындарына шын жүректен қайғырып, көңіл айтамын. Жаны жәннатта, иманы саламат болсын!

Ерболат САТЫБАЛДИН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

ОЛ КӨПШІЛ БОЛАТЫН

Рахаң да өмірден озды. Жезді төрінде қатарласа еңбек еттік, бірге жүрдік. Ол қарапайым болатын. Кеудемсоқтығы жоқ, қашан болсын кімге болса да құшағы кең еді. Аңқылдаған, аздаған аңқаулығы да жоқ емес еді.

Қызмет бабында оң мен терісті дәл аңғара білетін. Қиыс қадамға бармайтын. Ол басқамызға сонымен де ұнайтын.

Райымбек кейін Сәтбаев қаласына қоныс аударды. Ірі-ірі қызметтер атқарды. Мұндағы елдің де шынайы құрметіне бөленді. Соның арқасында бұрынғы Қарағанды облысы мәслихатына екі мәрте халық қалаулысы, кейінірек Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып айланды.

Қандай қызметте жүрсе де ол ешқашан халықтан қара үзіп кеткен жоқ. Оның бұлай жасауы мүмкін де емес еді. Өйткені, Райымбек Аяшов тумысынан көпшіл болып жаратылған жан еді, сол қалпында арамыздан өтті. Амал не...

Өтеш АХМЕТОВ,
Сәтбаев қалалық Ақсақалдар алқасының
төрағасы, Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы.

► ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДА

ЕРТЕҢДІ ОЙЛАСАҚ БҮГІНГЕ БЕЙЖАЙ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Жезқазған қаласында 12 мыңның үстінде ардагер тұрады. Қалалық Ардагерлер кеңесі олардың әлеуметтік, құқықтық тұрғыдан қорғалуына барынша жәрдем, көмегін тигізіп келеді.

Кеңес өз жұмысында ардагерлердің басым бөлігін қоғамдық жұмысқа тарта отырып, оларды қаланың тұрмыс тіршілігіне араластырып, мәдени және саяси іс шаралардың нақ ортасында болып, бастысы жас буынға қолдарынан келген ақыл кеңестерін беруге ұмтылдырады. Мұндай шаруаларға қаладағы 45 бастауыш ұйым мұрындық болып жүр. Сондықтан олардың бәрінің жұмысына өте ризашылықпен алғыс айтуға тиіспіз.

Өткен жылы Жезқазған қаласы өзінің 70 жылдық мерейтойын тойлады. Үңгітбаев Қадыр, Арыстанбаев Рахым, Нарбаев Қуанышбек, Сарбасов Дүйсен, Мағзұмов Нұрлан, Жұмашев Бимұрат, Асқарбеков Серік, Райымбеков Марат, Жүрсінов Мұрат және Жүнісова Айтжан, Нескен Хамитқызы, Қауымбаева Ұлтуған, Телғозина Ғайнаш, Құлбаева Күләш сынды ардагерлеріміз бастаған Кеңес мүшелері көптеген игілікті істің басы – қасында жүрді.

Біздің Кеңес ардагерлерге қолдау көрсетумен қатар, әлгінде айтқанымдай, жастарға ежелгі ата салт-дәстүрімізді сіңіріп, патриоттық сезімін ояту мақсатында жұмыс жүргізуді басты міндеті деп біледі. Өйткені, бізді заманның ағымына қарай көптеген салт дәстүріміздің ұмытылып, бұзылып бара жатқаны қатты ойландырады. Ұрпақ сабақтас-тығы үзіліп бара жатыр. Бұған қалайша алаңдамасқа? Сондықтан атадан балаға мұра болған әдет, ғұрып, салт-дәстүрімізді дәріптейтін, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнар көзі болатын елдің қазыналы қарттарын осындай іске тартып жүрміз. Соның нәтижесінде ардагерлер ұйымының құрамындағы ардагерлердің ұйымдастыруымен бірнеше ауқымды іс шаралар өткізілді. Мысалы, «Қол өнер-сырлы өнер», «Тәрбие тал бесіктен», «Айбын-2024 әскери дайындығы - Ардагерлер насихаты», «Отаным - Алтын ұям», «Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі», «Медиацияны дамыту – билер кеңесі», «Адам боламын десең Абайды оқы», «Кешегі әже, ертеңгі әже қандай болмақ», «Ананың қоғамдағы орны», «Дәстүрлі дініміз және бүгінгі қоғамдағы діни көзқарас», «Қазақ болмысы және имандылық», «Қаныш Сәтбаев жайлы не білеміз?» деген тақырыпта мектептер-

де оқушылармен кездесу өткізілді. Мұндағы ойымыз тарихымыздағы әлем деңгейіндегі ғұлама ғалымымыз Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбек жолдарымен балаларды таныстыру, елдің мақтанышы болған ұлы бабамызды дәріптеу болды. Біз ата салт дәстүрімізді дәріптеу жолында жастарды ортаға тарту мақсатында «Мирас» тобын құрдық. Алғашқы қадам жаман емес, көңілге көп үміт ұялататын шаруалар атқарылды. Еер қала әкімі алдағы жылдары қолдау көрсетсе, топтың аясы кеңейіп, жастардың патриоттық сезімін арттырып, ұлтжанды ұл қыздарымыздың қатары көбейе түсер деген үмітіміз бар.

«Адам боламын десең Абайды оқы» деген конкурсты өткіздік. Қаржысын да өзіміз таптық. Бұл тамаша іс-шара болды. Конкурсқа басқа ұлт өкілдерінің де оншақты ұл-қызы қатысты. Бұл ненің белгісі? Әрине, бұдан ұлы Абайдың барлық ұлтқа тән тұлға екенін байқалады. Сондықтан, біз ұлы перзенттеріміз арқылы ұлтымызды, оның тілі мен мәдениетін, тарихын дәріптей беруіміз керек.

Айталық, биыл балалар арасында Баталар сайысын өткізсек деген де ойымыз жоқ емес. Өйткені, бүгінгі бала ертеңгі бір елдің қариясы емес пе? Ал, үлкендікке жол бала шақтан басталады. Ертеңімізді ойласақ бүгінге бейжай қарауға болмайды дейтініміз де сондықтан.

Жалпы өткен жылы 40-қа жуық қалалық іс-шараларға қатысқан екенбіз. Солрдың ішінде, «Таза Қазақстан» акциясы туралы арнайы тоқталып өткен дұрыс. Өйткені, туған елді, Отанды сүю айналаға, аулаға, тұрған жеріңе деген сүйіспеншіліктен бастау алады. Оның тазалығы, әдемілігі үшін қаншалықты атсалыса білесің, бұл сенің туған елге деген көзқарасыңды да байқатады. Осыны жастарға ұғындыра білгеніміз абзал. Олармен бірге екі мәрте сен-білікке шықтық. Сонда жастардың көпшілігінің патриоттық сезімдерін байқап, қуанып та қалдық.

Қала әкімі Шайжанов Қайрат Абдоллаұлы, оның аппараты әр уақытта біздің бастамаларымызға қолдау көрсетіп жүр. Айталық, біздің ұсынымызға орай, мұсылмандар қорымын абаттандыру, ардагерлер мен балаларға автобуста жеңілдікті



жүруді енгізе білгені үшін қала басшылығына рахметіміз шексіз.

Әрине, ардагерлер айналада болып жатқан әрбір оқиғаға бейжай қарай алмайды. Кешегі мен бүгінді салыстыра отырып, жақсы мен жаманды ой елегінен өткізу арқылы жағдайымызды қазіргіден де гөрі жақсарту үшін кейбір ойларымызды да ірікіп қалмай, ортаға сала отырайық.

Мысалы, бізде азық-түлік негізінн еліміздің өзге өңірлерінен тасымалданады. Ал, кезінде Жезқазғанның іргесіндегі Талап ауылы қатар жатқан қос қаланы көкөніспен толық қамтамасыз еткені өз алдына, өз өнімдерін көршілес облыстарға шығарып, сатып та жүретін еді ғой. Сол шақты қайта оралтуға болмай ма? Меніңше, әбден болады. Бұл үшін Талап су қоймасының жағдайын ретке келтіру керек.

Сондай-ақ, Жезқазған –Сәтбаев қалалары арасындағы автокөлік жолын кеңейту де керек. Өйткені, бұл жол республикалық жол болып табылады. Бірақ, сол стандартта сәйкес келе қоймайды. Мұны айтып отырғанымыз, ені тым тар болғандықтан, жол –көлік оқиғалары жиі болып жатады.

Менің бір таң қалатыным, еліміздің барлық дерлік қалаларында Ардагерлер үйі бар. Мұнда олар күн сайын бас қосады, әңгіме –дүкен құрғандары өз алдына, түрлі спорттық іс-шаралар да өткізіп жатады. Жастармен кездесулерін де сонда өткізеді. Яғни, ардагерлерге толық жағдай жасалған. Біздің аймақта осындай Ардагерлер үйі қашан пайда болар екен?

Біз туризмді дамыту туралы көп айтамыз. Бірақ, әзірге жүріп жатқан шаруа байқала қоймайды. Бұған әрине, кейбір жағдайлардың теріс әсері тиіп жатқанын да сеземіз. Дегенмен, кей реттерде немқұрайлылықтың да кері

әсері бар секілді. Мысалы, Бұланты шайқасы өткен жер. Мұнда осыдан оншақты жыл бұрын алғашқы белгі орнатылды. Қазір әр жерден, әр рудан келіп белгілер қойылып жатыр. Әрине, бәрі дұрыс қой. Бірақ, бұл жерге нақты бір мекеме иелік етпесе бола ма? Әзірге ешбір иесі жоқ. Ие болмағасын бұлантының насихаты да жоқтың қасы. Бұл кемшілікті тездетіп жөндеген абзал, сөйтіп, Бұланты туристік маршрутқа енгізіліп, әсіресе, ішкі туризмді дамытуға өзінің оң үлесін қосуы керек.

Біле білгенге біздің өңірімізде Кенен ханның да ізі бар. Қаражар соғысын да ел біледі. Ұлт –азаттық көтеріліске де Аманкелді батыр Жезқазған –Ұлытау топырағынан аттанғаны мәлім. Ұлы Отан соғысындағы жанқиярлық еңбек неге ұмыт қалуы керек? Ең соңғы Желтоқсан көтерілісінде де біздің жастарымыздың қолтаңбасы қалды. Ендеше, неге біздің қалада Тәуелсіздік алаңын ашпасқа? Менің ойымша, қазірге «Алешка» тұрған жер соған әбден келеді.

Көптеген ақсақалдар, әжелер қазіргі қазақ тойларына реніштерін жиі айтып жатады. Орынсыз өзіл, оспадарсыз ойындар елді ата жолынан, салт –дәстүрінен алыстатып барады. Сондықтан, қала басшылығы бар, басқамыз бар тойды қалай өткізі жөнінде алқалы кеңес құрғанымыз абзал.

Айта берсе, ой да көп, сөз де көп. Биылғы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында облыс орталығын соғысқа қатысқан барлық жауынгерлердің аты –жөндері жазылған арнайы тақта орнатылуы керек. Сонда олардың рухы алдындағы бір паврызымыз өтелген болар еді.

**Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
Жезқазған қалалық Ардагерлер
Кеңесінің төрағасы.**

► ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ЖҰМЫСКЕР ЖАСТАРЫ

ӨНДІРІСТЕ – ОЗАТ, ӨНЕРДЕ – ҮЗДІК

Қанат Мусин Жезқазған байыту фабрикасының шаң тұтқыш қондырғыларын тазалау және орнату цехының слесарі болып еңбек етеді. 2013 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдаған оның байыту фабрикасына келіп, жұмысшы мамандығын иегеремін деген ойы болған да емес.

Қаладағы ірілі-ұсақты мәдени-көпшілік іс-шараларды жүргізіп жүретін Қанатты бірде фабрика басшылығы өздерінде өтетін сондай бір шаруаны атқарып беруге шақырды. Барды, атқарды. Сол жолы оны өндірістегі өмір қатты қызықтырды. «Осында жұмысқа тұруға бола ма?», деді. «Мамандығың келе қоймайды ғой» деген сөзге өз уәжін айтты. «Маған сенсеңіздер, кез келген мамандықтың бірін тез-ақ үй-реніп, игеріп кетемін» деген соң, ынта-ықыласын, талабын байқаған басшылық бетінен қақпады. Сөйтіп, өндірістегі өмірі басталды.

– Біздің міндетіміз – еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып, цехтағы шаң-тозаңның алдын алу, яғни жұмыскерлердің ауасы таза жерде жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Жұмыс орны еңбек етуге қолайлы болмаса, жұмыскердің де тірлігі маңдып жарытпайды. Сол тұрғыда біз олардың табысты еңбегінің негізін қалаймыз десек те болады, – дейді Қанат өз жұмысы туралы.

Өндірісте де өнер дейтін өмір бар. Жезқазған кен өндірісінде өнер адамдары аз болмаған. Ақиық ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов, даңғайыр жырау, ақын Шынболат Ділдебаев, кеніш директоры болып жүрсе де, қаламы қолынан түспеген Садық Асатов... Бұл тізімді одан әрі де соза беруге болады.

Қ.Мусиннің есінен сол ағалары ешқашан шықпайды. Өндірісте жүріп өнердің отын жаққан ағалары тәрізді болғысы келеді, соған ұмтылады. Өзінің айтуына сенсек, 5 жасынан бастап өлең жазған екен. Жергілікті жас сазгер Мұхамед-Өзиз Мұсабеков екеуінің шығармашылық байланысынан шыққан «Байытушылар гимні» қазір фабриканың кез келген іс-шараларында салтанатпен орындалып жатады. Мыңдаған жүректердің төрінен орын алған ұран-әннің сөзін жазғанын ұранды түрде мақтаныш етеді.

Қанат фабрикадағы қо-



ғамдық жұмыстарға белсенді түрде атса-лысады. 2022 жылы «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жұмысшыларының арасында «Jastar Bolashaq» жастар одағы «Өндіріс сұлтаны-2022» байқауын ұйымдастырды. Бұл байқауға корпорацияның республикадағы барлық құрылымдарынан 24 жігіт қатысты. Қанат байқауда ұлы Абайдың образын сомдап, дананың қара сөзін мәнеріне келтіре оқыды. Бұдан бөлек, өзі түсірген жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін сақтау жөніндегі бейнеролигі де жоғары бағаланды. Сөйтіп, байқау жеңімпазы атанды. Ол әртүрлі деңгейдегі ақындар мүшәйрасына да жиі қатысып, әрқашан жүлдегерлер қатарынан табылады. Ұлытау облысы ақындары арасында Тәуелсіздік мерекесіне арналған мүшәйраның бас жүлдесін де иеленді. Өлеңдері жас ақындардың республикалық жыр жинағына енді. Қалалық, облыстық, республикалық басылымдарда жыр-толғаулары жиі жарияланып тұрады.


2015 жылы Оразалы ақсақал мен Кәмілә әже

бастаған Мусиндер әулеті облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, бірінші орынды жеңіп алған еді. Қанат – ата-әжесінің он бесінші немересі. Республикалық телеарналардың бірі Жезқазған кен өндірісі туралы «Қазақ даласының қазынасы» деген деректі фильм түсірді.

– Мені осы фильмге қазіргі жас буын жұмыскерлердің өкілі ретінде таңдап алғанын білгенде керемет қуандым. Фильм кейіпкерлерінің бірі – Қазақстанның Еңбек Ері, кенші-ұңғылаушы Тұрсынбек Мақышев болды. Сондай кісімен қатар тұрудың өзі зор мәртебе емес пе? – деген Қанат осындай сәттер адамның жігерін жанып, қайратын қайрап еңбекке ынталандыра түсетінін де жасырмады.

Қ.Мусин былтыр Жезқазған қаласы әкімдігінің жас мамандарға арналған «Мен – жас қазақстандықпын» байқауында «Үздік жас өндіріс қызметкері» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды, өзінің өндірісте озат екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Абдолла ДАСТАНОВ



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАР ҚАТАРЫ ҚАЛАЙ КӨБЕЙЕДІ?

Жезқазған жоғары политехникалық колледжін жұмысшы мамандықтар ұясы десе де болғандай. Өйткені, мұнда оқушылар әртүрлі мамандықтарға машықтанады. Колледж түлектері әр салада еңбек етіп жүр. Олардың арасынан қазір көптеген озат жұмысшылар шығып, өз ұжымының ғана емес, осы оқу ордасының да мақтаныштарына айналып кеткен.

Колледждің тарихы тым терең. Бұл оқу орнының 70 жылдан аса тарихы бар. Осы жылдар ішінде қаншама түлек үлкен өмірге, қайцнаған еңбек ортасына жолдама алды десеңізші! Бірақ, өмір –өзен тәрізді колледждің де өмірі алға жылжып жатыр.

Жуырда колледж қабырғасында тамаша бір іс-шара болып өтті. Бұл «Жұмысшы мамандықтар жылына» арналды. Шынында да, ел Президенті тұтас жылды Жұмысшы мамандықтарын дәріптеуге, насихаттауға арнап отырғанда колледж ұжымы қалайша тысқары қалсын?! Бұл тіпті, мүмкін де емес қой. Президент кәсіптік білу беру туралы не деп еді? Қасым-Жомарт Тоқаев: - «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда сыйлы болуы керек, бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат. Адал еңбек. Адал табыс» қағидатына сай келеді»-деп атап көрсетті. Демек, кәсіптік білім беру ұйымдарына жүктелетін жауапкершілік жүгі арта түсті.

Сондықтан да Жезқазған жоғары политехникалық колледжі «Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған Ашық есік күнін ұйымдастырды.

–Біз Ашық есік күнін колледждегі мамандар даярлаудың негізгі бағыттарын жастар, жас маман кәсіби жағынан өзін-өзі қалай қалыптастыра алатынын көрсету мақсатында ұйымдастырдық. Әрине, ең басты мақсатымызды да жасырып қалғымыз келмейді, бұл аймақ жастарын өзіміздегі бар мамандықтарды таңдауға тарту- деп сөзін бастаған колледж басшысы Бота Аман

оқушыларды ашық –жарқын әңгімеге тартты.

- Біз сіздермен өзіміздің ордалы оқу орнымызда жүздескеніме қуаныштымын. Осынау тарихы тереңде жатқан өңіріміздегі таңдаулы оқу орнының болашақ жігері жанып тұрған, білімді де білікті, қарым-қабілеттері мол студенттері болу үшін мектеп түлектерін әрдайым колледжімізге осылай шақырып тұрамыз. Болашақ – сіздердің қолдарыңызда – деді ол.

Ашық есік күніне Жезқазған және Сәтбаев қалалары мектептерінің және жақын маңдағыбасқа да елді мекендердің биылғы жылы мектеп бітіретін оқушылары және мектептердегі кәсіптік бағдар берушілер қатысты. Инженер, дәнекерлеуші, құрылысшы, электрик, агроном, аспаз және т.б. көптеген қарапайым мамандықтардың қадірін әдетте біле де бермейміз. Бірақ, сәл тереңірек ойлансақ, біздің қоғамды ұстап тұрған нақ осындай мамандық иелері секілді көрінетіні де рас. Өйткені, өнеркәсіпті, өндірісті, ауыл шаруашылығы мен құрылысты жүргізу үшін жоғарыдағы аталған мамандықтардың бәрі де керек. Ел Президенті «Жұмысшы мамандықтары – ел экономикасының тірегі» деп текке айтпайды.

Жастардың жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығын қалайша арттыруға болады? Жұмысшы жастар қайтсе көбейеді? Әрине, бұл үшінәртүрлі жолдарды қарапстырмаса болмайды. Жезқазған жоғары политехникалық колледжінде өткен іс-шара соның бір бөлігі ғана.

А. АЯН.

ЗАҢ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ

Бас бостандығын шектеу - қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға сот үкімімен тағайындалатын негізгі жазалардың бірі болып табылады.

Бас бостандығын шектеу сотталған адамға оны қоғамнан оқшауламай, алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады.

Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша өтеледі, пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган, яғни пробация қызметі жүзеге асырады. Сотталған адам сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап 10 тәуліктен кешікпей пробация қызметіне келіп есепке тұруы тиіс.

Пробация бақылаудың бүкіл кезеңіне сотталған адамға ҚК-нің 44-бабының 2-бөлігінде қарастырылған міндеттер жүктеледі, олар:

- сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау;
- белгілі бір орындарға бармау;
- психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан), жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру.

Сонымен қатар, сотталған адамға оның түзеуіне және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттер жүктелуі мүмкін.

Сотталған адамды тиісінше бақылауды қамтамасыз ету және оның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін пробация қызметі электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы орган қамтамасыз ететін орындарда ұйымдастырады және оның ұзақтығы күніне төрт сағаттан аспауы тиіс.

Бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған сотталған адам осы жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, яғни оның тәртібі мен шарттарын қаскөйлікпен бұзған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі пробация қызметінің ұсынысы негізінде бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

2024 жылғы 12 айдың статистиалық мәліметтеріне сәйкес, Жезқазған қалалық сотымен 39 сотталғанға қатысты бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды, 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 40 пайызға артқан. Аталған сотталғандар келесі бұзушылықтарға жол берген: пробация қызметінен жасырыну, қайта қылмыс жасау, мәжбүрлі еңбекті атқарудан дәлелді себептерсіз жалтару, пробация қызметіне міндетті тіркеуге келмеу, тексеру кезінде түнгі уақытта үйінде болмау.

Көп жағдайда сотталғандар өздеріне жүктелген міндеттердің маңыздылығын, жазаны өтеу тәртібін сақтау бойынша жауаптылықты түсінбейді. Бұл ретте сотталған адам тарапынан өзіне жүктелген міндеттерді бір жыл ішінде қайта бұзу, яғни екі және одан да көп рет бұзуға жол беру жазаны бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыруға негіз болып табылады. Сондықтан өзіне қатысты бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған сотталған адамдар жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзудың салдарын түсінуі тиіс.

Г.ИСКАКОВА,

Жезқазған қалалық сотының судьясы.

РАВЕНСТВО ВСЕХ ПЕРЕД ЗАКОНОМ В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Согласно статьи 14 Конституции Республики Казахстан, все равны перед законом и судом. Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам.

Статья 13 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан также закрепляет рассматриваемый принцип, провозглашая следующее, что правосудие по гражданским делам осуществляется на началах равенства всех перед законом и судом.

В ходе гражданского судопроизводства никому из: граждан не может быть отдано предпочтение, никто из них не может подвергаться дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам; юридических лиц не может быть отдано предпочтение и ни одно из них не может подвергаться дискриминации по мотивам места их нахождения, организационно-правовой формы, подчиненности, формы собственности и других обстоятельств. Условия гражданского судопроизводства в отношении лиц, обладающих иммунитетом от гражданско-правовой ответственности, определяются Конституцией Республики Казахстан, настоящим Кодексом,

законами и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

Равенство всех перед законом и судом – принцип гражданского процессуального права, согласно которому правосудие по гражданским делам осуществляется на началах равенства перед законом и судом всех граждан независимо от пола, расы, национальности, языка, происхождения, имущественного и должностного положения, места жительства, отношения к религии.

Равенство перед законом, равноправие – важнейший принцип демократии и классического либерализма. Нарушение этого принципа называется дискриминацией.

Равноправие делает акцент на правах человека и их ограничениях. Предметом особого внимания является законодательная защита прав и равный доступ всех граждан к правовой системе.

Равенство перед законом включает одинаковую обязанность граждан соблюдать закон и равное отношение правосудия к участникам судебного процесса. Последнее тесно связано с принципом верховенства права, поскольку

требует, чтобы законы в равной степени относились к тем, кто их издает и кто обладает верховной властью. Правосудие не должно принимать во внимание происхождение, власть, обеспеченность или общественное положение стоящих перед ним лиц. Юрисдикция судов, которые выносят постановления по делам обычных граждан, должна распространяться на всех граждан.

Правосудие осуществляется единой судебной системой. В Казахстане отсутствуют сословные суды, предназначенные для рассмотрения дел отдельных субъектов. Суды рассматривают и разрешают гражданские дела, руководствуясь единой процессуальной формой. Лица, обладающие определенным процессуальным статусом, наделены равными правами и несут равные обязанности. Равенство всех перед законом проявляется в единстве права, которое применяется одинаково ко всем субъектам гражданских процессуальных правоотношений. Правосудие в Республике Казахстан осуществляется на основе состязательности и равноправия сторон.

ГЛАСНОСТЬ СУДЕБНОГО РАЗБИРАТЕЛЬСТВА

Принцип гласности судебного разбирательства является одним из важнейших принципов правосудия. Всеобщей декларацией прав человека установлено, что каждый человек имеет право на эффективное восстановление в правах компетентными национальными судами в случаях нарушения его основных прав, предоставленных ему конституцией или законом. Все люди равны перед законом и имеют право, без всякого различия, на равную защиту закона.

Гласность судебного разбирательства регламентировано статьей 19 гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан

Принцип гласности судебного разбирательства означает, что разбирательство гражданских дел во всех судах осуществляется, открыто с обеспечением свободного доступа в зал заседаний всех желающих граждан, за исключением граждан моложе шестнадцати лет, если они не являются лицами, участвующими в деле, или свидетелями.


Гласность судебного разбирательства - это не только проведение открытого судебного разбирательства дела, но и открытость, прозрачность и доступность судебных процедур. Это проявляется в публичном объявлении судебного решения, ознакомлении сторон с поступившими жалобами других участников процесса, извещении

о времени и месте рассмотрения дела в суде вышестоящей инстанции, свободном доступе к базе данных вступивших в законную силу решений, возможности получения информации об исполнении судебных актов.

В открытом судебном заседании личная переписка и личные телеграфные сообщения граждан могут быть оглашены с согласия лиц, между которыми происходили эти переписки и телеграфные сообщения. Данное правило касается и при исследовании фото – и кинодокументов, звуко – и видеозаписей, а также сообщений, полученных при помощи иных технических средств, содержащих сведения личного характера. При этом если лица, интересы которых затрагивают переписка и телеграфные сообщения, не дают согласия на их оглашение и исследование, то указанные действия совершаются в закрытом судебном заседании.

Вместе с тем имеются случаи запрета на оглашение судебного акта публично при рассмотрении конкретных дел. К таковым относятся дела, содержащие сведения, являющиеся государственными секретами, которые рассматриваются в закрытом судебном заседании. Также по ходатайству лица, участвующего в деле в закрытом судебном заседании может быть рассмотрено и разрешено гражданское дело, если необходимо обеспечить тайну усыновления, неприкосновенности частной жизни, сохранение личной, семейной, коммерческой или иной охраняемой законом тайны, либо имеются иные обстоятельства, препятствующие открытому разбирательству.

Ж.ӘМІРБЕКОВА,
руководитель администратора Жезказғанського городского суда.



РЫБЫ. Вероятно, вам стоит отстаивать интересы партнеров даже в ущерб своим собственным, поскольку это позволит вам укрепить ваши отношения и, как следствие, вы станете больше ценить и уважать друг друга. Однако это совершенно не подходящее время для заключения любых договоренностей, поскольку они будут постоянно находиться на грани разрыва.

– Нет, но они продают пассажирам парашюты!

МАЙДАНГЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕШ



Жезқазған қаласындағы С.Сейфуллин атындағы кітапханада тағылымы мол тамағша бір кеш болып өтті. Бұл кеш майдангер Мәкен Төрегелдиннің құрметіне арналды.

Ол кісінің есімі Ұлытау аймағына жақсы таныс. Оны 16 жасында Қаныш Сәтбаев өзі басқаратын геологиялық барлау партиясына коллектор етіп жұмысқа қабылдайды. Соғыс басталғанда еріктілер қатарында майданға аттанып, Сталинградты жаудан азат етуге қатысады. Жауынгерлік ерлігі үшін I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталып, еліне аман-есен оралды.

Елге оралған соң қатардағы мұғалімнен аудандық партия коми-тетінің бірінші хатшысына дейінгі жолдан өткен М.Төрегелдин халықтың шынайы құрметіне бөленді. Ол зейнет жасына шыққан соң әзірге Орта Азияда теңдесі жоқ тау-кен және балқыту ісі мұражайын ұйымдастырды. Майдангер Мәкен көптеген орден, медальмен марапатталды, Жезді, Ұлытау аудандарының, Түркістан қаласының құрметті азаматы, Жезқазған университетінің құрметті профессоры, Мәдениет қайраткері атақтарын иеленді.

Ұлытау облысында Жеңістің 80 жылдығына орай өткен алғашқы іс-шара Мәкен Төрегелдинді еске алуға арналған «Ғибратты ғұмыр» кешінен бастау алды. Бұл облыстық кітапханада ұйымдастырылды. «Тарихқа табан тіреген тарлан» бейнекөрсетіліммен ашылған кеш-



ке қатысушыларды Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Мағжан Табылдин құттықтады.

Ұлытау облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов өз естелігінде М.Төрегелдиннің соғыста қаза тапқан жауынгер досының ата-анасын арада 30 жыл өткенде тауып, Ресейдің бір деревнясына іздеп барғанына тоқталды. Олар «екеуіміздің біріміз өліп, біріміз тірі қалсақ, әке-шешемізге қалай өлгенімізді айтып береміз» деп уәделескен екен.

— Сонда әлгі кісілер: «Қазақ деген неткен керемет халық едіңдер. Соғыста осыдан отыз жыл бұрын берген уәдем бар еді деп бізді сонау қиырдан іздеп келіп отырсың. Ал менің сол баламның құрдастары осы деревняда тұрып, бізге келіп сәлем беруді де білмейді», деп ризашылығын білдірген екен. Сөйтіп, Мәкен өзінің асқан парасатының арқасында ұлтымыздың атын асқақтата білген ағамыз еді, — деді Сағындық Үсенұлы.

Сәтбаев қаласының құрметті азаматы Өтеш Ахметов Жезді ауданында Мәкен ағамен қызметтес болған.

— 1983 жылы 60 жасқа толуына байланысты ағаға қос қаламсап салып қоюға арналған шағын кәдесый әзірледік, құттықтау лебізімізді ойдырып жаздық. Жеме-жемге келгенде басқа сыйлық берілді де, бұл қалып қойды. Бірақ «ағаға арналған сыйлық еді ғой» деп лақтырып тастауға қимай осы кезге шейін үйде сақтап келіп едім. Ендігі жерде Мәкеннің музейін толықтырып тұрсын, — деген ол арада 42 жыл өткенде шағын кәдесыйды Жезді кентіндегі М.Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі мұражайының директоры Зейпін Қазанбаеваға табыстады.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамединнің орындауындағы Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әні тыңдағандарды тебіrentпей қоймады. Кеш соңы «М.Төрегелдин. Менің парызым» атты жылжымалы көрмені тамашалауға ұласты.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

► ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ!

ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ұлытау облысының тарихи-археологиялық музейі Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында «Есімдері – мәңгілік» айдарында Ұлы Отан соғысына қатысқан туған- туыстарының ерліктері мен асыл қасиеттері туралы музейлік бейнетаспаға естелік айтып, маңызды құжаттары мен жеке заттарын музей қорына өткізетін облыс тұрғындарын музейге шақырамыз!

Сіздерді 2025 жылғы ақпан айынан бастап әр сәрсенбі, сәрсенбі күндері сағат 15:00-18:00-де Алашахан көшесі 22- де орналасқан Ұлытау облысының тарихи- археологиялық музейінде күтеміз!!!

тел: 8(7102) 73-77-52

Сотовый тел: 8777-051-04-84; 8771-527-75-26; 8777-045-24-43

► ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ!

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ!

Историко-археологический музей области Ұлытау в рамках празднования 80-летия Победы в Великой Отечественной войне приглашает принять участие в музейном проекте «Их имена навечно», на котором можно поделиться воспоминаниями родных и близких о войне, а также передать в фонды музея документы, письма и фотографии, свидетельствующие о героях и их подвигах.

Ждем Вас каждый вторник и среду начиная с февраля 2025 года с 15:00 до 18:00 ч. по адресу ул. Алашахана, 22 в историко-археологическом музее области Ұлытау!!!

тел: 8(7102) 73-77-52

Сотовый тел: 8777-051-04-84; 8771-527-75-26; 8777-045-24-43

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 207

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.